ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2024 жылғы 17 маусым №4712-24-00-2/1864 іс Ақтау қаласы

Маңғыстау облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы А.Т.Бекболатов, оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен азаматтық ісін қарап,

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
Маңғыстау облысының білім басқармасының Мұнайлы ауданы бойынша білім бөлімінің "№10 жалпы білім беретін мектеп" коммуналдық мемлекеттік мекемесі

ЖАУАПКЕР:
"Аят-23" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
1) мемлекеттік сатып алуға жозықсыз қатысушысы деп тану,
2) 12 342 теңге тұрақсыздық айыппұлын өндіру,

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 223-226, 229 – баптарын басшылыққа ала отырып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

Маңғыстау облысының білім басқармасының Мұнайлы ауданы бойынша білім бөлімінің "№10 жалпы білім беретін мектеп" коммуналдық мемлекеттік мекемесі талап қоюы – толықтай қанағаттандырылсын.

"Аят-23" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

"Аят-23" жауапкершілігі шектеулі серіктестігінен Маңғыстау облысының білім басқармасының Мұнайлы ауданы бойынша білім бөлімінің "№10 жалпы білім беретін мектеп" коммуналдық мемлекеттік мекемесі пайдасына 12 342 (он екі мың үш жүз қырық екі) теңге тұрақсыздық айыппұлы және 2 216 (екі мың екі жүз он алты теңге) 22 (жиырма екі тиын) мемлекеттік баж алымы өндірілсін.

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмелерін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы. Арыз, егер жауапкер талап қою арызының келіп түскені және оның оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралатыны туралы тиісті түрде хабарландырылмаған және пікірді, сондай-ақ шешімнің мазмұнына әсер ете алатын дәлелдемелерді ұсына алмаған жағдайда беріледі.

Шешімге осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткен соң, ал егер арыз берілген жағдайда – сот осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзім ішінде апелляциялық тәртіппен тараптар шағым жасауы немесе прокурор өтінішхат келтіруі мүмкін.

Судья А.Т.Бекболатов

Документ подписан: Бекболатов А. Т., 24.06.2024

Дата вступления в законную силу: 31.07.2024, судья Бекболатов А. Т., 16.08.2024

4712-24-3-1/1638